

*Қайырболат Садықұлы Абдрахманов  
«Ақ желкен» аула клубының директоры,  
Ақтөбе қаласы*

## **Аула клубы дегеніміз не және оны дамытудың болашағы**

### **Қайырлы күн, құрметті әріптестер!**

Нарықтық қатынастардың жедел дамуы барысында оқушы жастардың денсаулығын сақтап, салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру – Ел басының басылымдылықпен жүргізіп отырған бағыт бағдарларының бірі болып табылады.

Мен 2009 жылдан бері «Ақ желкен» аула клубын басқарамын. Ақтөбе қаласы, 8-ші шағын ауданы, ағайынды Жұбановтар көшесі 290/2 үйінің тұрғындары балалардың бос уақытын тиімді әрі мазмұнды өткізуіне жағдай жасау үшін аула клубын ашуды бастама етіп, оны Ақтөбе қалалық әкімдігі қолдап, 4-18 жас аралағындағы балалар үшін аула клубын ашты.

Оқушылардың саны жыл сайын артып отыр. Егер 2009 жылы 200 бала болса бүгінгі күні 380 бала 16 үйірме бойынша: **эстетикалық, спорттық, әскери-патриоттық, техникалық шығармашылық, музыкалық** бағыттардағы үйірмелерге қатысуда. Барлық үйірме жұмыстары тегін жүргізіледі.

Аула клубында 17 қосымша білім беру педагогы жұмыс жасайды. Оның 14-і жоғары білімді мамандар.

Қосымша білім беру педагогтары қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі семинар кеңестерге, шеберкласстарға, конкурс, байқауларға қатысып өздерінің шеберліктерін ұдайы дамытып отырады.

Өткен оқу жылында педагог-ұйымдастырушы Бекешова А.Қ. «Ұлы Мұра» халықаралық фестивалінің III-ші дәрежелі дипломын иеленсе, қосымша білім беру педагогі Жанғасиева С.А. I-ші дәрежелі дипломмен марапатталды. 2014 жылы педагог-ұйымдастырушы Бекешова А.Қ. ның «Волшебный квиллинг» үйірмесі бойынша жасалған оқу бағдарламасы «Республикалық қосымша білім беру оқу –әдістемелік орталығы» шығарған **«Қосымша білім беру ұйымдарындағы балалар аула клубтары үшін қосымша білім беру оқу бағдарламалар және әдістемелік материалдар»** жинағына енгізілді.

Біздің балалар үйірме жұмыстарымен қатар әр деңгейдегі конкурстарға, байқаулармен фестивальдерге қайырымдылық шараларына белсенді қатынасады.

РУМЦДО бастамасымен 2013 жылы өткізілген «Ал біздің аулада...!» атты акцияда «Ең жақсы адамдар» туралы номинация бойынша I-орын, Халықаралық «Art Kinder House» сәндік қолданбалы өнер конкурсында III-орын, «Жаңа ғасыр жұлдыздары» атты Халықаралық балалар шығармашылығы конкурсының дипломдарымен марапатталды.

Жазғы каникул кезінде аула клубы жанында балалардың демалыс алаңы жұмыс істейді. Оның жоспарына түрлі демалыс шараларымен бірге қызықты үйірмелердің жұмысы енеді.

### **Аула клубының санын арттыру**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013ж. 14 маусымдағы №228 бұйрығының VIII тармағына сай, яғни «Қосымша білім беру ұйымдары басқа ұйымдармен, тұрғылықты жерлеріне сай балалардың бірлестіктерін құра алады»

дегенге негіздеп, білім беру ұйымдарымен «Өзара іскерлік» шартын жасау арқылы қаладағы №33 орта мектепте «Әскери патриоттық», №11 мектеп гимназияда «сувенир», №17 мектеп гимназияда «техникалық шығармашылық», «Гранд» сауда үйінде «Ушу» үйірмелері жұмыс жасауда.

### **Жалпы- спорттық шаралар. Басқа ұйымдармен бірлескен жұмыстар**

Біздің аула клубы қаланың, облыстың мәдени-көпшілік шараларына белсенді араласып отырады. 2011 жылы 7-ші қысқы олимпиадалық ойындар құрметіне Ақтөбе облыстық спорт және туризм басқармасымен бірлесіп спорттық ойындар эстафетасын өткіздік. Бұл шараға қаладағы басқа да қосымша білім беру мекемелері қатынасты. **Команда капитандары болып самбодан дүние жүзі чемпионы Райса Байлиева, Асхат Шахаров таэквандодан дүние жүзілік чемпионаттың қола медаль иегері Евгений Серебряков, Азиаданың қола медаль иегері Айболат Марат ұлы қатынасты. Осы сайыста Ақжелкен аула клубының командасы І-ші орынды алып кубок иегері болды.**

Жыл сайын 20 шілде күні дүниежүзілік шахмат күніне арнап қаладағы тұңғыш Президент атындағы саябақта балалар мен үлкендер арасында шахмат турнирін өткізу дәстүрге айналды. Бұл шараны қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімімен бірлесіп өткіземіз.

Жыл сайын, ашылғаннан бері, Жаңа Жылдық қайырымдылық шаралары негізінде «Үміт» балалар үйіне концерттік бағдарламамен қоса шағын сыйлықтар апарамыз.

Мүгедектер күніне орай Ақтөбе қаласындағы сал аурулары орталығының балаларына арнап шебер класс өткіздік.

Аула тұрғындары мен ата-аналар арасындағы жұмыста өзінің деңгейінде жүргізіледі. Біздің аулада шағын алаңымыз болды. Бұрын ол жер пайдасыз еді. Жергілікті пәтер иелері кооперативі мен (басшысы Григоренко В.С.) тұрғындармен (басшысы Кузьменко Е.А.) және осы маңдағы ата-аналармен бірлесіп балаларға арналған әсем де көрікті алаңға айналды.

### **Жергілікті әкімшіліктің ролі.**

Ақтөбе облысының әкімі Архимед Бегежанұлы Мұхамбетовтың бастамасымен үш жыл қатарынан, облыс бойынша «Көркейе бер, туған жер!» атты акция жүріп көптеген кәсіпкерлер, жеке азаматтар өздерінің ауылдарына, оқыған мектептеріне спонсорлық көмектерін көрсетті. Осы акция аясында біздің аула клубына жергілікті кәсіпкерлер (осы маңдағы сауда, тұрмыстық қызмет көрсету нүктелері) стол теннисін, бейне көрсету орталығы, шаруашылық бұйымдарын алып берді. 2012 жылы қала әкімі Омаров Ерхан Болатжанұлының қолдауымен қалада 30 дан астам жасыл жабындылы футбол алаңы салынып, соның біреуі біздерге де сыйға тартылды. Футбол алаңының салтанатты ашылуына жергілікті «Ақтөбе» футбол командасының ойыншылары келіп балаларға қуаныш сыйлады. 2012 жылы бізге бұрынғы «Гермес» клубының көлемі 591 шаршы метр құрайтын мекен жайы берілді. Бүгінгі таңда құны 1 200 000 теңге тұратын ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы 1 000 000 теңгеге спорт бұйымдары, музыкалық аппаратура, желдету жүйесі, шаруашылық бұйымдары алынды. Жас ұрпақтың жан-жақты дамып жетілуіне мектеп қабырғасындағы білім беру жүйесі мен қатар қосымша білім берудің де қажеттілігі күн сайын артып келеді. Ол жастардың бейімділігін шыңдап, қызығушылығы мен іскерлігін анықтап, кәсіби мамандағын бағдарлайды.

### **Болашақтың жоспары**

Жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін, тренажер залын ашу, әскери-патриоттық бағыттағы үйірме жұмысын жетілдіру мақсатында патриоттық музей ашу арқылы үйірмелерге қатысушылардың санын көбейту.